



**БҰЙРЫҚ**

2023 ж 14 тамыз 2023  
Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 257  
город Нур-Султан

**«Аттестация өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан  
Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі  
№ 200 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Аттестация өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 200 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу және біліктілік санаттарын беру рәсімдерін өткізу мерзімдері 2023 жылғы 5 шілде мен 30 тамыз аралығы болып белгіленсін.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Педагогтерді аттестаттау, педагогтер мен педагогикалық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірген, педагогикалық қызмет өтілі жоқ кандидаттарға, білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары мен басшыларының орынбасарларына 2023 жылғы 21 тамыз бен 28 тамыз аралығы тестілеуді өткізу мерзімі болып анықталсын.»;

6-тармақтың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) 2023 жылғы 10 тамыз бен 20 тамыз аралығында педагогтер мен педагогикалық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірген, педагогикалық қызмет өтілі жоқ кандидаттарға, білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары мен басшылары орынбасарларының өтініштерін тіркеу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлесін.»;

4) 2023 жылғы 10 тамыз бен 20 тамыз аралығында педагогтер мен педагогикалық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірген, педагогикалық қызмет өтілі жоқ

кандидаттарға, білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары мен басшыларының орынбасарларына тестілеуге өтініштерді онлайн-режимде қабылдауды ұйымдастырсын;»;

6-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Апелляцияларды қарау жөніндегі республикалық комиссияның жұмысын 2023 жылғы 17 шілде мен 26 шілде, 28 тамыз бен 1 қыркүйек аралығында ұйымдастырсын;».

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрі**



**Ғ. Бейсембаев**





**БҰЙРЫҚ**

*14 Август 2023г.*

Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *257*

город Нур-Султан

**О внесении изменений в приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 5 июля 2023 года № 200 «О некоторых вопросах проведения аттестации»**

**ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Внести в приказ Министра просвещения от 5 июля 2023 года № 200 «О некоторых вопросах проведения аттестации» следующие изменения:

пункт 1 изложить в следующей редакции:

«1. Определить сроки проведения аттестации и процедуры присвоения квалификационных категорий с 5 июля по 30 августа 2023 года.»;

пункт 3 изложить в следующей редакции:

«3. Определить сроки проведения тестирования с 21 по 28 августа 2023 года для аттестации педагогов, для педагогов, для кандидатов без стажа, имеющие техническое и профессиональное, высшее и (или) послевузовское образование, лица, желающие возобновить педагогическую деятельность, руководителям и заместителям руководителей организаций образования (методических кабинетов (центров));»;

подпункты 3) и 4) пункта 6 изложить в следующей редакции:

«3) подготовить программное обеспечение для регистрации заявлений педагогов с 10 по 20 августа 2023 года (для педагогов, для кандидатов без стажа, имеющие техническое и профессиональное, высшее и (или) послевузовское образование, лица, желающие возобновить педагогическую деятельность, руководителям и заместителям руководителей организаций образования (методических кабинетов (центров));

4) организовать прием заявлений для участия в тестировании в онлайн-режиме с 10 по 20 августа 2023 года (для педагогов, для кандидатов без стажа, имеющие техническое и (или) профессиональное, высшее и (или) послевузовское образование, лица, желающие возобновить педагогическую деятельность, руководителям и заместителям руководителей организаций образования (методических кабинетов (центров));»;

подпункт 10) пункта 6 изложить в следующей редакции:

«10) организовать работу Республиканской комиссии по рассмотрению апелляций с 17 по 26 июля и с 28 августа по 1 сентября 2023 года;».

2. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего вице-министра просвещения Республики Казахстан.

3. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

**Министр просвещения  
Республики Казахстан**



**Бейсембаев**